

**Шымкент қаласы білім басқармасының
«Политехникалық колледжі» МКҚК
«Электрoэнергетика» бөлім жиналысының
№ 10 ХАТТАМАСЫ**

Өтілген күні: «4» 06 2025 ж.

Өтілген орны: 127 кабинет

Қатысқандар: Бөлім оқытушылары мен қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. Таза сессия.
2. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.
3. Бөлімше жұмысы барысында туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі шараларды үйлестіру.
4. Топ жетекшілерінің топ студенттерімен және олардың ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету.
5. Өзге де туындаған мәселелерді қарастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Қодар Ж.Б. – бөлім меңгерушісі:

Ол өз сөзінде колледж оқытушыларымен студенттерге «Таза сессия» жайлы түсіндірме жұмыстарын айтты. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарына тоқталып, колледж қызметкерлерінің аталған заң аясында әрекет етуі маңызды екенін атап өтті. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету туралы айтты. Бөлім отырысында Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының талаптарын, сондай-ақ колледждің ішкі нормативтік құжаттарын, оның ішінде корпоративтік Әдеп кодексін сақтау мәселелері қаралды.

Бөлім басшысы тарапынан барлық бөлім оқытушыларына қызметтік міндеттерін орындау барысында заңдылықты, адалдықты, ашықтықты және әдептілік қағидаттарын ұстанудың маңыздылығы ескертілді. Әр қызметкер

сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілік танытып, ықтимал құқық бұзушылықтарға жол бермеуі тиіс.

Осы бағытта:

- қызметкерлермен тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі;
- ішкі бақылау тетіктерін жетілдіру бойынша шаралар қабылданады;
- Әдеп кодексінің талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайда тиісті тәртіптік жауапкершілік қарастырылады;
- қызметкерлердің этикалық мінез-құлық мәдениетін арттыру мақсатында профилактикалық іс-шаралар жалғасады.

Бөлім басшысы бұл талаптардың орындалуын жеке бақылауға алатынын жеткізді. Қызметкерлерді аталған бағыттағы талаптарды мүлтіксіз орындауға міндетті екендігі қатаң түрде ескертілді.

Барлық қызметкерлерге Әдеп кодексімен танысу, оны қатаң сақтау, сонымен қатар студенттер арасында да әділеттілік, ашықтық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаларын насихаттау тапсырылды. Қызмет барысында туындауы мүмкін ықтимал заң бұзушылықтардың алдын алу үшін ішкі тәртіп пен бақылау жүйесін күшейту, кез келген күмәнді жағдайларда бөлім менгерушісіне немесе колледж әкімшілігіне жүгіну қажеттігі ескертілді.

2-мәселе бойынша:

Толыбаев К. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында тәуекелдерді төмендетуге бағытталған кешенді шараларды үйлестірудің маңыздылығы атап өтілді:

- Бақылау және есептілік жүйелерін күшейту, соның ішінде ішкі аудит және тәуелсіз тексерулердің тиімділігін арттыру;
- Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тану және олармен жұмыс істеу қабілетін арттыру мақсатында оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау бойынша тұрақты бақылау жүргізу.

- Құжат айналымының ашықтығын қамтамасыз ету (мысалы, бағалау, сынақ, емтихан нәтижелері);
- Оқу үдерісінде цифрландыру мүмкіндіктерін кеңінен қолдану арқылы адами факторды азайту;

Оқытушылардан әрқайсысы өз жұмысында этикалық және заңдық нормаларды басшылыққа алуы қажет екені ескертілді.

3-мәселе бойынша: Қодар Ж.Б. – бөлім меңгерушісі:

Топ жетекшілерінің студенттермен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тұрақты, жүйелі түрде байланыста болуы – тәрбиелік жұмыстың маңызды бөлігі ретінде белгіленді. Осы бағыттағы жұмысты күшейту мақсатында келесі міндеттер жүктеледі:

- Әр топ жетекшісі өз студенттерінің оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, тәртібі, әлеуметтік жағдайы туралы нақты ақпаратқа ие болуы тиіс.
- Ата-аналармен жүйелі байланыс орнатылып, олардың студенттің оқуына белсенді араласуы үшін түрлі онлайн/офлайн кездесулер өткізілуі керек.
- Превентивтік жұмыстарды күшейтіп, жастар арасында жағымсыз мінез-құлықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру қажет.

4-мәселе бойынша:

Оқытушылар тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылды:

- Сессия кезінде студенттердің әділ бағалануы үшін бақылау тетіктерін күшейту;
- Колледж ішінде ішкі мәдени ортаны нығайту үшін бірлескен жоспар жасау; ұжымдық іс-шаралар өткізу ұсынылды.

Қаулы етілді:

1. Қызметкерлердің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және Компанияның корпоративтік Әдеп кодексін қатаң сақтауын қамтамасыз ету. Осы бағытта тұрақты түрде ішкі бақылау мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қызметтік міндеттерді орындау барысында заңдылық, ашықтық және адалдық қағидаттарын ұстану бойынша талаптар күшейтілсін. Бөлім меңгерушісі бұл талаптардың орындалуын жеке бақылауға алады.

2. Бөлім жұмысы барысында туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі шараларды үйлестіру. Қызметтік процестердегі тәуекелдерді

анықтау, мүдделер қақтығысын болдырмау, шешім қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылсын.

3. Топ жетекшілерінің өз топтарындағы студенттермен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тығыз байланыста жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету. Ата-аналармен кері байланысты жолға қою, оқу-тәрбие процесі бойынша ақпараттандыруды арттыру, профилактикалық және тәрбиелік іс-шараларды бірлесе атқару, сондай-ақ студенттердің әлеуметтік-психологиялық жағдайын бақылауда ұстау – топ жетекшілерінің негізгі міндеті ретінде белгіленсін.


Электроэнергетика бөлім меңгерушісі:

Бөлім бойынша
комплеанс құрамының мүшесі:












Қодар Ж.Б.

Толыбаев К.Ж.



**«Электрэнергетика» бөлім жиналысының
№8 хаттамасының қаулысымен танысқандығы туралы**

№	Оқытушының аты-жөні	Танысқандығы туралы белгі
1	Абдукадирова Урзада	
2	Бекбаев Жумабек	
3	Нысамбекова Айжан	
4	Қожатаева Жайнагул	
5	Таттибаева Айдана	
6	Нуранова Жұлдызай	
7	Калашова Мөлдір	
8	Садық Нуржан	
9	Оңталапов Султан	
10	Сейітжан Айнур	
11	Ахметова Ақерке	
12	Әбілқасым Нұркен	